

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау
министрлігі



Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау
министрлігі

Нұр-Сұлтан қ.
2021 жылғы «04» наурыз
№ 62

Нұр-Сұлтан қ.
2021 жылғы «28» сүйр
№ 249

**2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше
мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы
келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның
Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен
өзара іс-қимыл регламентін бекіту туралы**

БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 122 шешімімен берілген 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл тәртібінің (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл тәртібі) 12-тармағына сәйкес

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Осы бірлескен бұйрыққа қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған, 2020 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заымен ратификацияланған 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламенті берілілсін.

2. Кеілісімді іске асыру жөніндегі құзыретті орган ретінде «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы:

енбекшілерді (отбасы мүшелерін), зейнетақы жинақтарының мұрагерлерін (құқық мирасқорларын) не олардың өкілдерін және олардан алынатын құжаттарды қабылдау, мәліметтер мен құжаттарды дайындау, өндеу, зейнетақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешімдер қабылдау, зейнетақы төлеуді (жеткізуді) ұйымдастыру жөніндегі жұмысты ұйымдастыруды;

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетімен (бұдан әрі – Комитет) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің еңбек өтілін растау, Комитеттің облыстардағы, Нұр-Сұлтан, Шымкент және Алматы қалаларындағы департаменттері (бұдан әрі – аумақтық бөлімшелер) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу үшін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер еңбекшілерінің медициналық құжаттарын беру бойынша өзара іс-қимылды қамтамасыз етсін.

3. Комитет:

осы бірлескен бұйрықты аумақтық бөлімшелердің, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының, «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының назарына жеткіzsін;

аумақтық бөлімшелердің осы бұйрықтың 2-тармағының үшінші абзацсында көрсетілген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету бойынша жұмысын үйлестірсін.

4. Денсаулық сактау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті:

облыстық, Нұр-Сұлтан, Шымкент және Алматы қалаларының медициналық ұйымдарының Еуразиялық экономикалық одаққа мүше басқа мемлекеттерден мүгедектігі бойынша зейнетақы алуға үміткер Қазақстан Республикасының азаматтарын медициналық тексеру бойынша жұмысын үйлестірсін;

осы бірлескен бұйрықты облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың медициналық ұйымдарының назарына жеткіzsін.

5. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министрі А.Ә. Сарбасовқа және Қазақстан Республикасының Денсаулық сактау вице-министрі А.Т. Ғиниятқа жүктелсін.

6. Осы бірлескен бұйрық оған мемлекеттік органдар басшыларының соңғысы қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министри**



С. Шәнкенов

КЕЛІСІЛДІ

**«Бірынғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ
Басқармасының төрағасы**

ЕНІК

**АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
«БІРЫНГАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

Ж. Құрманов

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сактау министрі**



А. Цой

Қазақстан Республикасы
 Еңбек және халықты әлеуметтік
 қорғау министрінің
 2021 жылғы _____
 № _____ және
 Қазақстан Республикасы
 Денсаулық сақтау министрінің
 2021 жылғы _____
 № _____
 бірлескен бұйрығымен
 бекітілген

**2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше
 мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы
 келісімді іске асыру бойынша құзыретті органның Қазақстан
 Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламенті**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді іске асыру жөніндегі құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен өзара іс-қимыл регламенті (бұдан әрі – Регламент) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) және Еуразиялық экономикалық комиссия кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 122 шешімімен бекітілген 2019 жылғы 20 желтоқсандағы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімнің нормаларын қолдану бойынша Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары, құзыретті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы өзара іс-қимыл тәртібінің (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл тәртібі) 12 және 16-тармақтарын іске асыру үшін әзірленді және құзыретті органның Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарымен еңбекшілерді (отбасы мүшелерін), зейнетақы жинақтарының мұрагерлерін (құқық мирасқорларын) не олардың өкілдерін және олардан алынатын құжаттарды қабылдау, мәліметтер мен құжаттарды дайындау, өндеу, зейнетақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту туралы) туралы шешімдер қабылдау, зейнетақы төлеуді (жеткізуді) ұйымдастыру жұмысының регламентін айқындауды.

2. Осы Регламенттің мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) акпараттық жүйе – акпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық

міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2) еңбекші – басқа мүше мемлекеттің аумағында еңбек немесе өзге де қызметті жүзеге асыру арқылы зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын не қалыптасқан мүше мемлекеттің азаматы;

3) жұмысқа орналастыруши мемлекет – аумағында еңбекшінің зейнетақы құқықтары қалыптастырылатын не қалыптасқан мүше мемлекет;

4) зейнетақы – Келісімнің 2-бабының 2-тармағында айқындалған зейнетақы түрлері;

5) зейнетақы алушы (бұдан әрі – алушы) – Келісімнің және Өзара іс-қимыл тәртібінің талаптарына сәйкес зейнетақы алуға құқығы бар жеке тұлға, оларға: еңбекші (отбасы мүшесі), зейнетақы жинақтарының мұрагері (құқық мирасқоры), қайтыс болуына байланысты еңбекші (отбасы мүшесі) алмаған зейнетақы алуға үміткер адам жатады;

6) құзыретті орган – құзыретіне өз мемлекеттің зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы заңнамасын іске асыруға қатысты мәселелер кіретін мүше мемлекеттің мекемесі (ұйымы).

Қазақстан Республикасында «Бірынғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – БЖЗҚ) құзыретті орган болып табылады;

7) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі – (МӘС бөлімі) Министрліктің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшесінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімі немесе медициналық-әлеуметтік сараптаманың әдіснама және бақылау бөлімі;

8) мүше мемлекет – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекет;

9) сараптамалық қорытынды – Өзара іс-қимыл тәртібіне 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша БЖЗҚ ақпараттық жүйесінен алынған «Медициналық зерттеп-қарau туралы» формулярды (бұдан әрі – «Медициналық зерттеп-қарau туралы» формуляр) және куәландарылуға жататын адамның (еңбекшінің) медициналық құжаттарын қарau арқылы еңбекшіге топты, мүгедектіктің мерзімі мен себебін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы МӘС бөлімінің шешімі;

10) тұратын мемлекет – аумағында еңбекшінің тұрғылықты жері орналасқан мүше мемлекет;

11) уәкілдепті орган – зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы реттеуді жүзеге асыратын және (немесе) медициналық-әлеуметтік сараптама (кешенді куәландару) жүргізуді жүзеге асыратын органдардың (мекемелердің) қызметтің регламенттейтін мүше мемлекеттің атқарушы билік органдары және (немесе) негізгі қызметі медициналық көмек көрсету болып табылатын денсаулық сақтау ұйымдары.

Қазақстан Республикасында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) және Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі уәкілдепті органдар болып табылады.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдардың өзге де түрлерінің Келісімдегідей, Өзара іс-қимыл жасау тәртібіндегідей «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңындағыдан (бұдан әрі – Заң) мәні бар.

2-тaraу. Алушы БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға жүгінген кезде жұмысты ұйымдастыру

3. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын алушы зейнеткерлік жасқа толғанда, егер мүгедектік мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектік белгіленгенде немесе мұрагер ретінде БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдері үшін жүгінген кезде одан зейнетақы төлемдерін және құжаттарды тағайындау туралы өтінішті қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 2 қазандағы № 1042 қаулысымен (бұдан әрі – № 1042 Төлемдер қағидалары) бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары есебінен қалыптастырылған зейнетақы төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру, оларды бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына қайтару қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алуға үміткер алушыдан Өзара іс-қимыл тәртібіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Сауданама – өтініш» формулярын (бұдан әрі – «Сауданама-өтініш» формуляры), сондай-ақ № 1042 Төлемдер қағидаларында айқындалған құжаттар тізбесін алған кезде жүгінген жердегі мүше мемлекеттің құзыретті органында еңбекшінің «Сауданама – өтініш» формуляры тіркелген күн немесе БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне құқықтың туындаған күні зейнетақы төлемдеріне өтініш жасалған күн болып есептеледі.

5. Басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан, егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектіктің белгіленуіне байланысты БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдеріне үміткер алушының құжаттарын, оның ішінде «Сауданама-өтініш» формулярын және «Медициналық тексеру туралы» формулярды алған кезде БЖЗҚ «Сауданама – өтініш» формулярын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде 2018 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының ақпараттық жүйелерінің өзара іс-қимылды туралы келісімінде (бұдан әрі – Өзара іс-қимыл туралы келісім) айқындалған тәртіппен медициналық құжаттарды қоса бере отырып, «Медициналық тексеру туралы» формулярды МӘС бөлімінің медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуі және сараптамалық қорытындысын алу үшін Министрліктің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетіне (бұдан әрі – Комитет) жолдайды.

6. МӘС бөлімі Комитеттен «Медициналық тексеру туралы» формулярды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды талдау негізінде еңбекшіні сырттай куәландыру, қайта куәландыру жүргізеді және сараптамалық қорытынды шығарады, МӘС бөлімінің басшысы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекіткеннен кейін ол БЖЗҚ-ға туседі.

Қосымша медициналық құжаттарды, оның ішінде сараптамалық қорытынды шығару үшін қажетті медициналық зерттеулердің нәтижелерін талап ету қажет болған жағдайда МӘС бөлімі кейіннен еңбекші тұратын мемлекеттің құзыретті органына қайта жіберу үшін Комитет арқылы БЖЗҚ-ға тиісті сұрау жібереді. Сараптамалық қорытынды қосымша медициналық құжаттарды алғаннан кейін шығарылады.

7. МӘС бөлімінің сұрау салулары мен сараптама қорытындысын жіберу, сондай-ақ МӘС бөлімінің сұрау салуларына БЖЗҚ жауаптарының тәртібі мен форматтары өзара іс-қимыл туралы келісіммен айқындалады.

8. БЖЗҚ басқа мүше мемлекеттің құзыретті органынан алынған «Сауданама-өтініш» формулярын қарau және өндөу күннен бастап 5 жұмыс күннен кешіктірмей не Комитеттен МӘС бөлімінің сараптама қорытындысын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей МӘС бөлімінің сараптама қорытындысын қоса бере отырып, еңбекші тұратын мемлекеттің құзыретті органына Өзара іс-қимыл тәртібіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Қабылданған шешім туралы хабарлама» формулярын (бұдан әрі – «Қабылданған шешім туралы хабарлама» формуляры) жібереді.

3-тарау. Алушы басқа мүше мемлекеттің құзыретті органы тағайындастырын және төлейтін зейнетақыны алуға жүгінген кезде құзыретті органның жұмысын ұйымдастыру

9. Егер Қазақстан Республикасында тұратын алушы басқа жұмысқа орналастыруши мемлекеттен зейнетақы алуға үміткер болса, БЖЗҚ одан не оның өкілінен толтырылған және қол қойылған «Сауданама-өтініш» формулярын қабылдайды, онда еңбекшінің осы мүше мемлекеттегі жұмыс өтілі туралы ақпарат көрсетіледі және зейнетақы тағайындастырын мүше мемлекеттің заңнамасында көзделген құжаттар топтамасы қоса беріледі.

Егер алушы бірнеше мүше мемлекеттерде зейнеткерлікке үміткер болса, онда бұл ақпарат «Сауданама-өтініште» де көрсетіледі.

«Сауданама-өтініш» формулярына енгізілген ақпараттың толықтығы мен дұрыстығы «Сауданама-өтініш» формулярын қабылдаған БЖЗҚ бөлімшесінің жауапты адамының қолымен және БЖЗҚ мөрімен куәландырылады.

10. Егер БЖЗҚ-да мүше мемлекеттің құзыретті органның назарына жеткізілуге тиіс еңбекшінің жұмыс өтілі, алушы үміткер зейнетақы туралы ақпарат болған жағдайда, БЖЗҚ тиісті бөлімшесінің қызметкери Өзара іс-қимыл тәртібіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Ақпараттық парап» формулярын

(бұдан әрі – «Ақпараттық парап» формуляры) және Өзара іс-қимыл тәртібіне 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Жұмыс өтілі туралы» формулярын (бұдан әрі – «Жұмыс өтілі туралы» формуляр) толтырады.

Бұл ретте БЖЗҚ қызметкері формулярды жіберу мақсаттарына сәйкес келетін және зейнетақыны тағайындау мен төлеуді қамтамасыз ету үшін қажетті жолдарды толтырады.

11. Басқа мүше мемлекеттен мүгедектігі бойынша зейнетақы алуға үміткер алушы жүгінген жағдайда, БЖЗҚ осы Регламенттің 9-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша алушыдан толтырылған «Медициналық тексеру туралы» формулярды және бар болса, басқа да медициналық құжаттарды қабылдайды.

«Медициналық тексеру туралы» формуляр болмаған жағдайда БЖЗҚ «Медициналық тексеру туралы» формулярды, медициналық құжаттарды алу мақсатында медициналық тексеруден өту үшін алушыға тіркелген жері бойынша алғашқы медициналық көмек медициналық үйымына жүгінуді ұсынады.

Бұл ретте БЖЗҚ алушыға «Сауалнама-өтініш» формулярын «Медициналық тексеру туралы» формуляр ұсынылғаннан кейін ғана толтыруды ұсынады.

12. «Медициналық тексеру туралы» формулярды беру үшін еңбекшіні (отбасы мүшесін) медициналық тексеруді тіркелген жері бойынша алғашқы медициналық көмек медициналық үйымы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырады.

13. БЖЗҚ «Сауалнама-өтініш» формуляры БЖЗҚ-ның ақпараттық жүйесінде тіркелген кезден бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, аумағында еңбекшінің жұмыс өтілі бар мүше мемлекеттердің құзыретті органдарына қажетті формулярларды БЖЗҚ куәландырған құжаттардың көшірмелерімен бірге жібереді.

14. «Сауалнама-өтініш» формулярының түпнұсқасы және оған қоса берілген құжаттардың көшірмелері қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен және мерзімдерде БЖЗҚ-да сакталады.

15. БЖЗҚ «Қабылданған шешім туралы хабарлама» формулярын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей алушыны басқа мүше мемлекеттің құзыретті органы қабылдаған зейнетақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім туралы хабардар етеді.

4-тарау. Жұмыс өтілін растау бойынша жұмысты ұйымдастыру

16. Мүше мемлекеттің құзыретті органынан еңбекшінің 1998 жылғы 1 қантардан басталған кезеңде Қазақстан Республикасының аумағындағы жұмыс өтілі туралы сұрау салу келіп түскен кезде БЖЗҚ сұрау салу келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, сұрау салуды жіберген мүше мемлекеттің құзыретті органына «Жұмыс өтілі туралы» формулярды жіберу

арқылы ақпараттық жүйеде бар міндettі зейнетақы жарналарын төлеу туралы деректердің негізінде жауап жібереді.

17. Қазақстан Республикасының аумағында еңбекшінің жұмыс өтілі және (немесе) оның 1992 жылғы 13 наурыздан бастап 1997 жылғы 31 желтоқсанды қоса алған кезеңдегі жалақысы туралы «Сұрау салу» формуляры келіп түскен кезде БЖЗҚ сұрау салуды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны орындау үшін Комитетке жібереді, бұл ретте сұрау салу келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей мүше мемлекеттің құзыретті органына жіберілетін «Жұмыс өтілі туралы» формулярда формулярды жіберудің жоспарланған мерзімдері көрсетіле отырып, «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімге сәйкес келетін жұмыс өтілі туралы аралық ақпарат көрсетіледі.

18. Комитет «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімде жұмыс берушіден (оның құқықтық мирасқорынан) немесе Архив мекемелерінен қажетті мәліметтерді, құжаттарды талап ету бойынша іс-шаралар өткізеді және БЖЗҚ-ға жауап жібереді.

19. Комитеттен алынған ақпаратты БЖЗҚ мүше мемлекеттің құзыретті органына Комитеттен ақпарат алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей «Жұмыс өтілі туралы» формулярды толтыру арқылы жібереді, оның ішінде болған кезде жұмыс берушінің (оның құқықтық мирасқорының) немесе архив мекемесінің анықтамасын қоса береді.

5-тaraу. Зейнетақыны есепке алуды және төлеуді (жеткізуді) ұйымдастыру

20. БЖЗҚ зейнетақы алушы тұратын мемлекеттің аумағына зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің ұлттық валютасымен Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен айқындалатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің валюталарының ресми бағамы бойынша Өзара іс-қимыл тәртібіне 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «Төлем ведомосы» формулярын (бұдан әрі – «Төлем ведомосы» формуляры) жасау күніне зейнетақы аударуды жүзеге асырады.

Бұл ретте зейнетақы алушының пайдасына тұргылықты мемлекеттің аумағына зейнетақыны аудару алдыңғы тоқсандағы әрбір тоқсанның бірінші айының 15-күніне дейін зейнетақыны жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органының банк шотына жүзеге асырылады. «Төлем ведомосы» формуляры зейнетақы аударылатын айдың 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей толтырылады және зейнетақы жеткізуді жүзеге асыратын мүше мемлекеттің құзыретті органына жіберіледі.

21. БЖЗҚ зейнетақы тағайындаған мүше мемлекеттердің құзыретті органдарынан зейнетақы сомасын аудару үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде тенгемен банк шотын ашуды қамтамасыз етеді.

22. БЖЗҚ мүше мемлекеттердің құзыретті органдарынан алынған зейнетақы сомаларының дербестендірілген есебін жүргізеді, БЖЗҚ ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен БЖЗҚ автоматтандырылған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, зейнетақы сомаларын есепке жатқызуды және есептен шығаруды жүзеге асырады.

23. БЖЗҚ мүше мемлекеттердің құзыретті органдарынан алынған, мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес тағайындалған зейнетақы сомаларын «Сауалнама-өтініш» формулярында көрсетілген зейнетақы алушының банк деректемелеріне жеткізуді ұйымдастырады.

Бұл ретте БЖЗҚ зейнетақы сомаларын тағайындаған мүше мемлекеттің құзыретті органынан зейнетақы аударымы алынған тоқсанның екінші айының соңғы күнтізбелік күнінен кешіктірмей аударады.

24. БЖЗҚ зейнетақы тағайындалған мүше мемлекеттің құзыретті органына зейнетакы аударымы алынған тоқсанның үшінші айының 1-күнінен кешіктірмей зейнетакы төлеу туралы белгісі бар немесе төлемеу себебі көрсетілген «Төлем ведомосы» формулярын жібереді.

25. Төленбеген зейнетақы сомасы келесі тоқсанда зейнетақы төлеуге қаражат есебіне жатқызылады.

26. Зейнетақы сомаларын басқа мүше мемлекеттің аумағына аудару жөніндегі, оның ішінде валютаны айырбастау жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ зейнетақыны Қазақстан Республикасының аумағына жеткізу жөніндегі шығыстарды төлеу БЖЗҚ-ның меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

27. БЖЗҚ жыл сайын, келесі есептің жылдан кейінгі жылдың 1 наурызынан кешіктірмей «Салыстыру актісі» формулярын Қазақстан Республикасының аумағына зейнетақы аударуды жүзеге асырған мүше мемлекеттің құзыретті органына жібереді.

28. БЖЗҚ расталған «Салыстырып тексеру актісін» қабылдайды және жыл сайын, келесі есептің жылдан кейінгі жылдың 1 сәуірінен кешіктірмей зейнетақы жеткізуді жүзеге асырған мүше мемлекеттің құзыретті органына қайтарады.

29. БЖЗҚ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес зейнетақыны уақтылы төлеуді (аударуды) және оны зейнетақы алушыға жеткізуді қамтамасыз етеді.

6-тaraу. Қорытынды ережелер

30. Мүше мемлекеттердің еңбекшілерге (олардың отбасы мүшелеріне) зейнетақы белгілеу және төлеу үшін қажетті құжаттар және (немесе) мәліметтер алмасу жөніндегі құзыретті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін

(бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) пайдалана отырып, электрондық түрде автоматты режимде жүзеге асырылады.

31. Мұше мемлекеттердің құзыретті органдары арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл тәртібін, оның ішінде құзыретті органдар арасында берілетін электрондық құжаттардың (мәліметтердің) форматтарына, құрамына және құрылымына қойылатын талаптарды Еуразиялық экономикалық комиссияның алқасы айқындауды және бекітеді.
